

«Сейфуллин оқулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 274-277.

ӘР ТҮРЛІ ТҰҚЫМДАҒЫ ИТТЕРДЕГІ ПНЕВМОНИЯ АУРУЫ КЕЗІНДЕГІ РЕНТГЕН ЗЕРТТЕУІ

Шамғалиева А.Б , магистрант 2 курс

Терликбаев А.А., к.вет.н., доцент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана

Қ.

Иттердегі пневмония ауруы кезіндегі рентгенодиагностика және ауруды алдын ала кезеңінде анықтау қажет. Иттердегі пневмония ауру кезінде иммуномодуляторлардың емдеу тиімділігін анықтау. Пневмонияны ауруы кезіндегі қан көрсеткіштерінің өзгеруі динамикасын көрсету.

Қазіргі заманға сәйкес ветеринариядағы ең өзекті мәселелердің бірі - таралуы бойынша барлық патологиялар арасында жетекші орын алатын иттердің респираторлық ауруларымен күресу мәселесі болып табылады. Әсіресе атап өтсек оған жататын өкпе ауруларының ішінде ол пневмония. Ал енді пневмония дегеніміз - бұл ит науқастарында жиі кездесетін ауру және атап өтсек оның негізгі бейімділік әртүрлі этиологиялық факторлары мен жағдайлары байланысты екіншілік болуы мүмкін [1,2,3].

Әр түрлі ғылыми мәліметтерге сүйене отырып иттердің жалпы ауруларында респираторлық аурулар, әсіресе жіті пневмония 3,6-5,4% кұрайды.

Сонымен қатар иттердегі пневмонияның пайда болуы себебтері ол патогендік микроорганизмдер (стрептококктар, стафилококктар, микоплазмалар, хламидиоздар және т.б.) тыныс алу жолдарына шартты потогендік микроорганизмдерін енуіне байланысты иттерде пневмония ауруы дамиды.Иттің организмінің және резистентілігінің қалыпты қарсылығымен толығымен олармен сәтті түрде күресе алмайды.Ал енді атап айтсақ бұл ауру көп жағдайда пайда болуы ол байланысты иттің организмінің иммунитетінің төмендеуі.Иттердегі пневмония ауруы әрқашанда әртүрлі патогендерден туындауы мүмкін: вирустар, саңырауқұлақтар, бактериялар және паразиттер.

Анықтауы әдетте клиникалық белгілерге негізделген болжамды және рентгенографиялық мәліметтер нәтижесі бойынша негізделіп қойылады қойылады [4].

Кейбір ғалымдардың нәтижесі бойынша иттердің ішінен аңшы иттер пневмонияға жиі кездесетіні айтылады. Соның ішінде пневмония әсіресе күшіктерде, сондай-ақ ересек жастағы иттерде ауыр түрде өтеді.Әсіресе

түзілген экссудат түріне сәйкес пневмония іріңді, серозды, фибринозды болуы мүмкін.

Ғылыми мақаланың мақсаты - ит пневмониясы кезіндегі рентгенодиагностикасын өткізу және иммуномодуляторларды емдеу түрінде терапевтикалық тиімділігін анықтау .

Материалдар мен әдістер . Жалпы зерттеу жұмыстары Нұр-Сұлтан қаласы бойынша үш түрлі мекенжайда орналасқан ветеринариялық клиникаларда жүргізілді . Сол қатарға атап өтсек: «Love Animals деп аталатын ветеринарлық емдеу және диагностикалау орталығы», Шалкоде , 8/1 мекен жайында орналасқан «Зоосфера ветеринарлық клиника және кинология орталығында» және «Astana ветеринарлық клиникаларында» жүргізілді .

Зерттеу барысында дене бітімі үлкен және салмағы төмен тұқымды 1-10 жас аралығындағы 10 иттен тұратын бақылау тобы құрылды, оған 6 аталық ит пен 4 ұрғашы ит кірді: 1 топ – үлкен тұқымды иттер ,2 топта – салмағы төмен тұқымды иттер алынды. Жоғарғы аталған ветеринарлық клиникаларға соңғы 7 айда жүгінген әр түрлі жастағы 32 иттер арасында 16-да (50%) тыныс алу жүйесі ауруы кездескені анықталды. Әсіресе соның ішінде 10-итте пневмония диагнозы анықталынды , ол (3,2%) құрайды.

Атап өтсек жалпы иттердегі пневмония ауруы кезінде ең бірінші болып ол , ит иелерінен толық анамнез жинап алу қажет содан кейін келесі сатысы болып есептелінетін ол клиникалық белгілерін сәйкес : аускультация , пальпация , перкуссия және термометрия әдістерін өткізу қажет. Ал негізгі ауруды анықтау үшін ол зертханалық диагностика және рентген диагностиканы өткізу қажет. Зертханалық диагностика және рентгенодиагностика өткізілгеннен кейін нақты аурудың диагнозы қойылды. Атап өтсек зертханалық диагностикалау кезінде арнайы катетр көмегімен иттерден қан алынып , төменде көрсетілген арнайы гематологиялық анализаторлармен қан құрамында эритроциттер және лейкоциттер көрсеткіштері нақты анықталынды.



Сурет -1 «Love Animals», «Зоосфера», «Astana» ветеринарлық емдеу – диагностикалау орталықтарында орналасқан ветеринарлық зерттеу гематологиялық анализаторлар.




Сурет -2. «Love Animals» , «Зоосфера», «Astana» ветеринарлық емдеу – диагностикалау орталықтарында орналасқан ветеринарлық зерттеу рентген аппараттарының көрінісі .

Ғылыми зерттеу нәтижесі және талқылау. Ғылыми зерттеу нәтижесін талқылауға келсек ең бірінші кезекте , соңғы 6 айдын мәліметтері бойынша клиникаларға келіп түскен пациенттердің ішінде пневмония ауруына диагнозы болып қойылған иттердің ветеринарлық клиникаларға арналған арнайы жеке бағдарламасы бойынша «Vet AF Animal Face» статистикалық көрінісі .



Рентген суреттерін талқылау:



Сурет -3 Иттердің пневмония ауруына рентген суреттерінің көрінісі .

Жоғарыда көрсетілген рентген суреттеріндегі өзгерістері : жалпы дені сау иттерде өкпедегі ауа көрінісі рентген суретінде өкпе қуысында қара түсті болуы керек бұл физиологиялық норма ретінде есептелінді . Ал енді біздің көрсетіліп тұрылған суреттерінде, мысалы 3 сурет бойынша көріп тұрғанымыздай әсіресе өкпе тұсындағы ауада ақшылдықтар пайда болғанын байқаймыз, ол негізгі өкпенін қабыну процесіне шалдыққанын анықтайды. Ал келесі суретте оның 3 түрлі проекцияда берілген рентген суреттерінің көрінісі.

Жалпы толығымен аталған иттер тобына пневмония ауруы анықталғаннан кейін келесі емдеу әдістері тағайындалды . Әр бір итке салмағына және тұқымына сәйкес әр түрлі емдеу әдістері қолданылды . Мысал ретінде 5 айлық 2,9кг салмағындағы итке төмендегі кесте бойынша көрсетілген емдеу әдісі қолданылды.

Кесте -1.

Дәрі атауы және дозасы	Дәрі қабылдау жолы	Қабылдау мерзімі
Амоксициллин – 0,3мл	тері астына инъекция	1 апта бойынша күніне 1 рет
Амбробене-0,1мл + NaCl 0.9%-2,0мл	Ингаляция	5-6 күн бойы күніне 1 рет

Қорытынды.

Пневмония ауруы –басқа респираторлық аурулардың ішінде ең көп таралған патология болып есептелініп, 80% құрайды (Данилевский В.М., 1991; Зубко В.Н., 1992). Осы мәліметтерді еске ала отырып біздің ұсынысымыз жеке меншікті ұстайтын иттерге пневмония ауруын алдын алу үшін рентген диагностикасын өткізу және тиімді емдеу әдістерін өткізу үшін иммуномодуляторларды қолдану қажет. Әсіресе заманауи емдеу әдістерінің ішінде иттердің өкпе ауруларына нәтижесі және емдік қасиеті

болып иммуномодуляторлардың тиімділігі анықталынды . Сонымен қатар , зерттеу нәтижесін қорытындылай келе иттердің әртүрлі жастағы пневмония ауруына шалдыққан алдын ала балау өткізу үшін ең тәжірибелік жағдайда рентген диагностикасын өткізу қажет және біз ұсынып отырған емдеу әдісін қолдану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Коган Д.А., Джонсон Л.Р., Стерджес Б.К., Джандри К.Е., Поллард Р.Е. Этиологиясы және клиникалық нәтижесіаспирациялық пневмониясы бар иттерде: 88 жағдай (2004-2006) [Текст] / J Am Vet Med Assoc, - 2008. -№233. -С. 1748-1754.
2. Тарт КМ, Бабски Д.М., Ли Дж.А. Ықтимал тәуекелдер, болжамдық көрсеткіштер және диагностикалық жәнеАспирациялық пневмониясы бар иттердің өмір сүруіне әсер ететін емдеу әдістері: 125істер (2005-2008). [Текст] / J Vet Emerg Crit Care, - 2010. -№20. -С. 319-329.
3. Wilson D, Monnet E. Аспирациялық пневмонияның дамуының қауіп факторлары Көмейдің сал ауруы бар иттердегі бір жақты аритеноидты латерализация: 232 жағдай (1987-2012). J Am.
4. Barton L. Аспирациялық пневмония. В: King LG, редактор. Тыныс алу органдарының аурулары оқулығы [Текст] :иттер мен мысықтар. 1-ші басылым, St. Луи: Эльсевиер; 2004. -С. 422-429.